

Басқарушы компанияны басқару үшін адамдарды конкурстық іріктеуді жүргізу қағидаларын, сондай-ақ оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 224 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 сәуірде № 10699 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2019 жылғы 6 тамыздағы № 621 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 06.08.2019 № 621 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 31.12.2015 № 1290 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

- 1) Осы бұйрықтың 1 қосымшасына сікес, Басқарушы компаниясын басқару үшін адамдарды конкурстық іріктеуді жүргізу қағидаларын;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Басқарушы компанияны басқару үшін адамдарға қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 31.12.2015 № 1290 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестициялар комитетіне (Е.Қ. Хаиров):

- 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамамен белгілінген тәртіп бойынша мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарына және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығының" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың инtranet-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Зан департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрлікін
2015 жылғы 27 ақпандагы
№ 224 бұйрығымен
бекітілген

Басқарушы компаниясын басқару үшін адамдарды конкурстық іріктеуді жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрлікін м.а. 31.12.2015 № 1290 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Басқарушы компаниясын басқару үшін адамдарды конкурстық іріктеуді жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 19-бабы 3-тармағына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және егер Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы экономикалық аймақ құру туралы актісінде өзгеше белгіленбесе, дауыс беру акцияларының елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі орталық немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының бастамасы бойынша құрылған басқарушы компанияны басқару үшін адамдарды конкурстық іріктеуді ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды. Атқарушы органдарының басшысы ретінде адамды не мемлекеттік емес занды тұлғалардың бастамасы бойынша құрылған басқарушы компанияның

атқарушы органды функциясын жеке дара орындайтын адамды сайлау "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Занына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

1) арнайы экономикалық аймақ (бұдан әрі - АЭА) - қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін АЭА арнайы құқықтық режимі қолданылатын, дәл белгіленген шекаралары бар Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі;

2) басқарушы компания – арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында Занға сәйкес құрылатын заңды тұлға;

3) конкурсқа қатысушылар - басқарушы компанияны басқару үшін адамдарды іріктеу конкурсына қатысуға өтінім берген жеке тұлғалар;

4) Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар бойынша бірыңғай үйлестіру орталығы (бұдан әрі - бірыңғай үйлестіру орталығы) - міндеттері арнайы экономикалық аймақтардың инвестициялық тартымдылығын дамыту, ілгерілету және арттыру болып табылатын заңды тұлға;

5) уәкілетті орган - АЭА құру, олардың жұмыс істеуі және таратылуы саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

3. Конкурстың мәні атқарушы органдың басшысын сайлау үшін жеке тұлғаларды не басқарушы компанияны атқарушы органдың функциясын жеке дара орындаушы адамды іріктеу болып табылады.

4. Конкурстың іріктеу ашық болып табылады және Қазақстан Республикасының Президентіне АЭА құру туралы ұсыным Қазақстан Республикасы Үкіметіне енгізілген күннен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде жүзеге асырылады.

5. Басқарушы компанияны басқару үшін адамдарды іріктеуге арналған конкурстың комиссияны (бұдан әрі - Конкурстың комиссия) уәкілетті орган тиісті мүдделі мемлекеттік органдармен және бірыңғай үйлестіру орталығымен бірлесе отырып құрады.

6. Басқарушы компанияның атқарушы орган функциясын жеке дара атқаратын адаммен немесе атқарушы орган басшысымен еңбек қатынастары тоқтатылған жағдайда, басқарушы компанияны басқару үшін адамдарды іріктеу арналған тұлғаны іріктеу конкурсы еңбек қатынастары тоқтатылған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде уәкілетті орган тиісті мүдделі мемлекеттік органдармен және бірыңғай үйлестіру орталығымен бірлесіп өткізеді.

2. Басқарушы компанияны басқару үшін адамдарды конкурстың іріктеуді жүргізу тәртібі

7. Уәкілетті орган басқаруышы компанияны басқару үшін адамды іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы және қатысушылар конкурсқа қатысуға өтініш беретін күнтізбелік жиырма күннен аспайтын мерзім туралы хабарландыруды қазақ, орыс және (немесе) басқа тілдерде республикалық және (немесе) халықаралық деңгейде басылатын бұқаралық ақпарат қуралдарында, сондай-ақ уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналыстырады.

8. Басқаруышы компанияны басқару үшін адамдарды конкурстық іріктеу рәсімі мынадай екі кезеңнен тұрады:

1) уәкілетті органның конкурсқа қатысуға өтінімдерді басқаруышы компанияларды басқару үшін адамдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігіне қарауы;

2) Конкурстық комиссияның конкурстық екінші кезеңіне қатысуға жіберілген қатысушылардың конкурстық ұсыныстарын қарауы және олармен әңгімелесу жүргізуі, оның қорытындысы бойынша басқаруышы компанияны басқарудың атқаруышы органына сайлау үшін ұсынылған адамдарды айқындау жүзеге асырылады.

9. Басқаруышы компанияны басқару үшін адамдарды іріктеу конкурсына қатысу үшін конкурс қатысушылары уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) электронды және қағаз тасығыштарда осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға қатысушы толтырған және қол қойған өтінім;

2) жеке куәліктің және/немесе паспорттың нотариалды расталған көшірмелері не салыстырып тексеру үшін түпнұсқа ұсынылған кезде көшірмелері;

3) конкурсқа қатысушының еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәланырылған көшірмесі не салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылған кезде оның көшірмесі;

4) жоғарғы оқу орнын аяқтағандығы туралы дипломның, сондай-ақ бар болса, магистрлық немесе докторлық бағдарламаларды аяқтағандығы туралы дипломның нотариалды куәланырылған көшірмесі не салыстырып тексеру үшін түпнұсқа ұсынылған кезде көшірмелері;

5) бар болса, сертификаттардың және басқа да наградалардың көшірмелері;

6) соттылықтың бар/жоғын растайтын құжат;

7) бар болса ұсыным хаттар;

8) құжаттар шетел тілдерінде ұсынылған кезде қосымша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде нотариалды куәланырылған аудармасы қоса беріледі.

Сондай-ақ, қатысушы басқаруышы компанияны басқару үшін адамдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын басқа да құжаттарды қоса бере алады.

10. Конкурсқа қатысушы конкурсқа қатысуға өтінім берген кезде уәкілетті орган:

1) өтінім берілген күні оны өтінімдерді тіркеу журналында тіркейді;

2) ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын, олардың осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесіне сәйкестігін тексереді ;

3) ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың 9-тармағында белгіленген тізбесіне сәйкес болмаған жағдайда, өтінімді ол берілген күні қайтарады. Өтінімді қайтару конкурсқа қатысушыны жіберілген кемшіліктерді жойғаннан кейін уәкілетті органға өтініммен қайта жүгіну құқығынан айырмайды.

11. Конкурсқа қатысушы ұсынған барлық құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесі уәкілетті органның құжатты қабылдаған күні туралы белгі сала отырып, өтінім берушіге жіберіледі (табысталады).

12. Өтінім мен конкурсқа қатысушы ұсынған құжаттардың талап етілген біліктілік талаптарына сәйкесіздігін және оларда көрсетілген деректердің дұрыстығын уәкілетті органның қарау мерзімі конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап күнтізбелік он бес күнді құрайды.

13. Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттардың басқарушы компанияны басқару үшін адамдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау қорытындысы бойынша уәкілетті орган айқындаған конкурстың екінші кезеңінде қатысуға жіберілген қатысушылар тізімін конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде уәкілетті орган бекітеді және уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

14. Конкурстың екінші кезеңіне жіберілген конкурсқа қатысушылар уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында конкурстың екінші кезеңіне өткен қатысушылар тізімі ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде Конкурстық комиссияның қарауына одан әрі шығару үшін мемлекеттік органға еркін нысандағы конкурстық ұсыныстарды ұсынады, ол мыналарды қамтиды:

1) АӘА қызметінің мамандану бейіні ескерілген жұмыс тәжірибесі жазылған анықтама;

2) АӘА даму стратегиясының пайымдауы;

3) АӘА даму тетігі және/немесе схемасы;

4) АӘА-ға инвесторларды тарту тәсілдері;

5) күтілетін нәтижелер (сапалық және сандық көрсеткіштер);

6) мемлекеттің, басқарушы компанияның және АӘА қатысушыларының мүдделерін ескере отырып, басқару шешімдерін қабылдау және қолдануы жоспарланған әзірлеу әдістері.

15. Конкурстық комиссия әңгімелесу жүргізеді және конкурстық ұсыныстарды қабылдау аяқталған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде ұсынылған конкурстық ұсыныстарды қарайды. Конкурстық комиссияның шешімі конкурстық ұсыныстарды қабылдау аяқталған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде өткізілген конкурстың қорытындысы жөніндегі хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға Конкурстық комиссияның отырысына қатысқан оның мүшелерінің барлығы қол қояды.

16. Конкурстық комиссия отырыстар өткізеді және, егер оның отырысында оның мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қатысқан болса, шешім қабылдайды, бұл ретте конкурстық комиссияның әр мүшесі бір дауыска ие. Конкурстық комиссияның шешімі отырысқа қатысқан мүшелер санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып саналады.

3. Өткізілген конкурстың қорытындысын шығару

17. Уәкілетті орган Конкурстық комиссия хаттамаға қол қойған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында конкурс нәтижелері туралы хабарлайды.

18. Акционерлік қоғамдар туралы заңнамада белгіленген тәртіппен конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаз болып танылған конкурсқа қатысушы атқарушы органның басшысы немесе басқарушы компанияның атқарушы органның функцияларын жеке дара орындаушы адам ретінде сайлауға ұсынылады.

19. Конкурсқа қатысуға басқарушы компанияны басқару үшін адамдарға қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес келетін екі адамнан кем қатысқан жағдайда, Конкурс өткізілмеген болып танылады.

20. Конкурс өткізілмеген болып танылған жағдайда, уәкілетті орган конкурс өткізілмеді деп танылған күннен бастап екі айдан кешіктермей конкурсты қайта өткізу туралы хабарлайды.

Басқарушы компанияны басқару үшін
адамдарды конкурстық іріктеу жүргізу
қағидаларына қосымша

Нысан
фотосуреттің орны

Конкурсқа қатысуға арналған өтінім

(кандидаттың тегі, аты, бар болса - әкесінің аты көрсетіледі)

(Басқарушы компанияның атауы)

1. Жалпы мәліметтер

Туган күні және орны
Азаматтығы
Жеке басын күйеландыратын құжаттың деректері

2. Білімі:

№	Оқу орнының атауы	Түсken уақыты - бітірген уақыты	Мамандығы	Білімі туралы дипломның деректемелері, біліктілігі	Оқу орны орналасқан жер
1.					

3. Ері (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлі-қарындасы, балалары) және жекжаттары (ерінің (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлі-қарындасы, балалары) туралы мәліметтер:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туган жылы	Тұстық қатынастары	Жұмыс орны және лауазымы
1.				

4. Кандидаттың заңды адамдардың жарғылық капиталына қатысуы және акцияларын иеленуі туралы мәліметтер:

№	Заңды адамның атауы және орналасқан жері	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрі	Жарғылық капиталдағы қатысу үлесі немесе кандидатқа тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен)
1.			

5. Соңғы үш жылдағы біліктілігін арттыру жөніндегі семинарлардан, курстардан өткені туралы мәліметтер:

№	Ұйымның атауы	Откізілген күні және орны	Сертификат деректемелері
1.			

6. Еңбек қызметі туралы мәліметтер.

Бұл тармақта:

кандидаттың барлық еңбек қызметіндегі атқарған лауазымдары туралы;

осы үйымның мекенжайы және байланыс телефоны көрсетілген, осы мәліметтерді берген күні кандидат басқа үйимдарда атқарған лауазымдары туралы мәліметтер көрсетіледі.

№	Жұмыс кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны	Лауазымы	Тәртіптік жазасының болуы	Қызметтөн шығу, босатылу себептері

7. Қолда бар жарияланымдары, ғылыми әзірленімдері және басқа да жетістіктері:

(иә/жоқ, бар болған жағдайда күнін, басылымдарды көрсету)

8. Кандидаттың бұрын банкрот деп танылған не лицензиясынан айыру, еріксіз тарату, консервациялау, акцияларды мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған қаржы үйымының басшы қызметкери болғаны туралы мәліметтер:

(иә/жоқ, үйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетілсін)

9. Қадағалау органдарының заңнаманы бұзғаны үшін қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуі туралы деректердің болуы:

(иә/жоқ, күнін, қолдану негіздері мен қадағалау органының атауы көрсетілсін)

10. Кандидат арнайы экономикалық аймақта жұмыс істеп жатқан қатысуышыларға қатынасы бойынша афилиириленген адам болып табылатын-табылмайтын туралы мәлімет

(иә/жоқ)

Осы ақпаратты мен тексердім және оның толық әрі дұрыс болып табылатындығын растаймын.

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(баспа әріптерімен)

Конкурсқа қатысуыш толтырады:

Мен

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты)

Басқарушы компаниясын басқару үшін адамдарды конкурстық іріктеуді жүргізу қағидаларымен бекітілген талаптарға, сондай-ақ оның

талаптарына сәйкес келетінімді растаймын

Күні _____ Қолы _____

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2015 жылғы 27 актандандағы
№ 224 бұйрығымен
бекітілген

Басқарушы компаниясын басқару үшін адамдарға қойылатын біліктілік талаптар

Ескерту. Талаптар жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 31.12.2015 № 1290 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік жиырма бір күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Конкурсқа қатысуға келесідей біліктілік талаптарына сай келетін жеке тұлғалар жіберіледі:

1) жоғары білімі бар. Тен жағдайларда артықшылық Басқарушы компанияның негізгі қызметіне және арнайы экономикалық аймақтың салалық бағытына (экономика, қаржы, басқару (менеджмент) саласындағы және арнайы экономикалық аймақтың салалық бағытына сәйкес келетін басқа салаларда (магистр, ғылым кандидаты/докторы, PhD дәрежесі) сай келетін салаларда қосымша білімі бар үміткерлерге беріледі;

2) арнайы экономикалық аймақтарды басқару не арнайы экономикалы аймақтың тиісті салалық бағытына сай келетін белгілі бір жобаларды іске асыру бойынша кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесі және/немесе ірі компанияларда, оның ішінде: компанияның негізгі қызметіне сәйкес келетін листингтік/жария компанияларда басшылауазымдарда кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің болуын қамтиды.

2. Конкурсқа қатысуға мынадай жеке адамдар жіберілмейді:

1) өтмелеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар;

2) оны мәжбүреп тарату туралы немесе банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын директорлар кеңесінің бірінші басшылары, басқарманың бірінші басшылары (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асырған адамдар) және олардың орынбасарлары, бас бухгалтерлері, акционерлік қоғамның орналастырылған (дауыс беретін) акцияларының жалпы санының он және одан артық пайзызы мөлшеріндегі акцияларды иеленуші, пайдаланушы, билік етуші акционер болғандар.

Көрсетілген шарт осы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады;

3) Арнайы экономикалық аймақтың қазіргі қатысушыларына қатынасы бойынша афилииленген адамдар болып табылатындар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШІЖК РМК